



Жаңа Зеландия / New Zealand

Жаңа Зеландия – Тынық мұхиттың оңтүстік батыс жағында орналасқан екі аралдан және де ұсақ аралдардан тұратын ел. Жергілікті Маори ұлты Жаңа Зеландияны Аотарио (ұзын Ақ Бұлт елі) деп атайды.

Жаңа Зеландия қарамағына сонымен қатар Кук аралдары Найло, Токелау, Росс Тәуелділігі кіреді. Халқының басым бөлігі Еуропалықтар, ежелгі Маори тұрғындары ең ірі ұлттардың бірі. Астанасы –Веллингтон. Ресми тілі – ағылшын тілі. Жаңа Зеландия Британ Достастығына кіреді, сондықтан мемлекет басшысы Ұлыбритания королевасы болып есептеледі. Заң шығарушы органы бір палаталы Парламент. Атқарушы билік премьер-министр басқаратын үкіметтің қолында.

Ақша бірлігі – Жаңа Зеландия доллары. Ұлттық мерекесі – Вайтанга күні (бақпан). Осы күні 1840 жылы Ұлыбритания өкіметі мен жергілікті Маори тайпалары Вайтанга өзенінің бойында келісімге келіп жергілікті тайпалар еуропалық қоныс аударушылар және Ұлыбритания Біріккен корольдігі арасындағы қарым-қатынас анықталды.

Жаңа Зеландияны 10-14 ғасырларда Полинезиядан қазіргі Маорилердің арғы аталары келіп қоныстанған. Еуропалықтардан ең бірінші барған адам голландиялық теңізші Абел Тасман, ол оқиға 1642 жылы болды.

Екінші рет 18 ғасырдың II жартысында 1769 жылы ағылшын теңізшісі Джеймс Кук зерттеу жүргізді. Жаңа Зеландия аралдары таулы келеді жерінің төрттен үш бөлігі тау, үстірт, қырат. Ең биік жері – Оңтүстік Альпідегі Кук тауы. Өнеркәсібінің негізгі салалары: тамақ, қағаз шығару, машина жасау, химия, тігін. Жаңа Зеландия – өндірісі мен ауыл шаруашылығы дамыған ел.